

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті
Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты
Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

Келден Динар

**ЦИАНОБАКТЕРИЯ ШТАММДАРЫНЫҢ СУТЕГІ БӨЛУІН
ОҢТАЙЛАНДЫРУ**

Дипломдық жоба

6B05101 - «Химиялық және биохимиялық инженерия» мамандығы

Алматы, 2024 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

“Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті”
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Химиялық және
биохимиялық инженерия»
кафедра меңгерушісі PhD доктор
Амитова А.А.
2024 ж.



ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы : « Цианобактерия штаммдарының сутегі бөлуін оңтайландыру »

6B05101– Химиялық және биохимиялық инженерия

Орындаған: Келден Дипар



Ізденуші
PhD, аға оқытушы
Бауилова М. Ө.
2024 ж.



Ғылыми жетекші
PhD, асоц. профессор
Тастамбек Қ. Т.
« 06 » 06 2024 ж.

Алматы, 2024 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

“Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті”
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Химиялық және
биохимиялық инженерия»
кафедра меңгерушісі PhD доктор
Амитова А.А.
2024 ж.



Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Келден Динар

Тақырыбы: « Цианобактерия штамдарының сутегі бөлуін оңтайландыру »
Университеттің № 548-П/Ө «4» желтоқсан 2023 ж. бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «12» маусым 2024ж.

Дипломдық жұмыстың бөлімдері: *диплом алдындағы дайындық бойынша
әдебиеттерге шолу нәтижелері, теориялық мәліметтер жиыны*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

- а) Цианобактериялар және олардың биоэнергетикадағы маңызы жайлы;
- б) Цианобактериялардың сутегін бөле алу деңгейлерін зерттеу;
- в) Цианобактериялардың штамдарынан биосутек алудағы потенциалдар,
қоректік ортаның тиімділігі мен өсімділігі туралы нәтиже шығару;



Ұсынылған негізгі әдебиет 61 атаудан



Алматы, 2024 жыл

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтарының тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге өткізу мерзім	Ескерту
Тақырыптар бойынша әдебиетке шолу, мақалалар оқу, аудару	Қаңтар	-
Лабораторияға келу, дипломдық жобаның жазылу ретімен танысу, жұмысқа кіріспе	Қараша – Ақпан	-
Тақырыптар бойынша қолданылған әдебиеттерді дипломдық жобаға қосу	Наурыз	-
Алынған нәтижелерді талқылау, дипломдық тақырып бойынша жалпылама тұжырымдамалар жасау	Наурыз – Сәуір	-

**Дипломдық жұмыстың бөлімдерінің кеңесшілері мен қалып
бақылаушының қойған
қолтаңбалары**

Бөлімдер атаулары	Кеңесшілер, А.Ж.Т. (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылау	Тастамбек Қ. Т. (PhD, ассоц.профессор)		
Ғылыми кеңесшісі	Тастамбек Қ. Т. (PhD, ассоц.профессор)		

Ғылыми жетекшісі  Тастамбек Қ. Т.
Тапсырманы орындауға алған білім алушы  - Келден Динар
Күні « 15 » қаңтар 2024ж.



ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

CO ₂	Көмірқышқыл газы
NO _x	Азот оксидтері
H ₂	Сутегі
O ₂	Оттегі
N ₂	Азот
ДНҚ	Дезоксирибонуклеин қышқылы
NiFe	Никель-ферменттік кешен
CBC	Кальвин-Бенсон циклі
ПАМ	Протон алмасу мембранасы
ГХ	Газ хроматографы

АҢДАТПА

Дипломдық жоба: “Цианобактерия штамдарының сутегі бөлуін оңтайландыру” 50 – компьютерлік бет санынан және белгілер мен қысқартылған сөздерден, кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері, қорытынды және 61 – зерттелген ғылыми әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың көлеміне 9 – кесте, 24 – сурет кіреді.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Әр түрлі экологиялық жүйелерден бөлініп алынған түр аралық белсенді цианобактериялардың штамдарының сутегін бөлуге деген потенциалдарын зерттеу. Цианобактериялардың алуан түрлігі мен физиологиялық ерекшеліктерін қарастыра отырып олардың биотехнология саласында маңызды нысана екендігін дәлелдеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Әр түрлі экологиялық жүйелерден цианобактериялардың әр текті таза дақылдарын бөліп алу және түрлері бойынша жіктеу;
2. Алынған цианобактериялар штамдарының нитрогеназа белсенділігін анықтау;
3. Бөлініп алынған цианобактерия штамдарының жинақталу мөлшерін зерттеу;
4. Цианобактерияның дақылдарынан сутегін бөліп алу жолдарын зерттеу;
5. Цианобактерияларлар штамдарының сутегін бөлу қарқындылығын зерттеу;
6. Микробиологиялық, биотехнологиялық, молекулалық генетикалық, физикалық және химиялық әдістер қолданылды.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект: «Оптимизация распределения водорода штаммов цианобактерий» 50 – от количества компьютерных страниц, условных обозначений и сокращений, введения, обзора литературы, материалов и методов исследования, результатов исследования, заключения и 61 – списка литературы. В объем работы входят 9 – таблицы, 24 – изображения.

Цель исследования: изучить возможности межвидовых активных штаммов цианобактерий, выделенных из разных экологических систем, расщеплять водород. Учитывая разнообразие и физиологические особенности цианобактерий, доказано, что они являются важной в области применения биотехнологии.

Методы исследовательской работы:

1. Выделение чистых культур цианобактерий из разных экологических систем и классификация по типам;
2. Определение нитрогеназной активности полученных штаммов цианобактерий;
3. Изучение количества накопления изолированных штаммов цианобактерий;
4. Изучение способов извлечения водорода из культур цианобактерий;
5. Исследование интенсивности выделения водорода штаммами цианобактерий;
6. Использовались микробиологические, биотехнологические, молекулярно-генетические, физико-химические методы.

ANNOTATION

Diploma project: "Optimization of hydrogen distribution of cyanobacterial strains" 50 – from the number of computer pages and symbols and abbreviations, introduction, literature review, research materials and methods, research criteria, conclusion and 61 – list of references. The scope of work 9 – tables, 24 – pictures.

The purpose of the research work: Study of the potential of interspecies active cyanobacteria strains isolated from different ecological systems to split hydrogen. Considering the variety and physiological features of cyanobacteria, proving that they are an important target in the field of biotechnology.

The purpose of the research work:

1. Isolation of pure cultures of cyanobacteria from different ecological systems and classification by types;
2. Determination of nitrogenase activity of obtained cyanobacteria strains;
3. Study of the amount of accumulation of isolated cyanobacterial strains;
4. Study of ways of extracting hydrogen from cyanobacteria cultures;
5. Study of intensity of hydrogen release of cyanobacterial strains;
6. Microbiological, biotechnological, molecular genetic, physical and chemical methods were used.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	9
1	ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ	12
1.1	Цианобактериялар, олардың маңыздылығы	12
1.2	Цианобактериялардың биоэнергетикадағы маңызы	15
1.3	Сутек энергиясының маңызды өкілі цианобактерия	20
1.4	Сутек өнімділігін арттыру жолдарын оңтайландыру (температура, рН, тұздар, жарық және т.б)	22
1.5	Биосутек өндірісіне әсер етуші факторлар	22
2	ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ	25
2.1	Зерттелетін материалдар мен объектілер	25
2.2.1	Цианобактериялардың жинақы дақыл түрін және дақылдауға қажетті жарық түрін қарастырып, биомассаны микроскопта қарау	25
2.2.2	Цианобактериялардан сутек алу әдістері	27
3	ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ	33
3.1	Цианобактериялардың штамдарынан биосутек алудағы потенциалын, қоректік ортаның тиімділігі мен өсімділігін зерттеу	33
3.2	Зерттелінген цианобактерия штамдарының сутек бөлу қарқындылығын бақылау, спектофотометрде қарау және мәндерді excel – ге енгізу	33
	ҚОРЫТЫНДЫ	44
	ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	45

КІРІСПЕ

Биоэнергиялы сутегі өндірісі – бұл микроорганизмдерді қолдану арқылы сутегі газын алу әдістері. Сутегін бөле алатын бірнеше фотосинтетикалық және фотосинтетикалық емес микроорганизмдер бар, олар жасыл балдырлар, цианобактериялар, фотосинтетикалық бактериялар және күлгін ферментативті бактериялар. Бұл микроорганизмдердің әрқайсысының физиологиясы мен метаболизмі әртүрлі, олар әртүрлі метаболикалық жолдар мен тәсілдер арқылы сутегін алуға мүмкіндік береді.

Энергия көздерінің бірі ретінде молекулярлық сутегі қазіргі шектеулі қазбалы отындар ресурстарына балама энергия көзі болып табылады. Сутегі энергиясын отын ретінде пайдаланудың артықшылықтары өте көп, мысалы: экологиялық таза, тиімді, жаңартылатын және сутегі энергиясын өндіру мен пайдалану кезінде CO_2 газының үлесі жоқ болуы мен аз мөлшерде NO_x түзілуі. Барлық осы аталған артықшылықтарды ескере отырып сутегі газын энергия көзі ретінде тереңдете зерттеп, пайдалануға болады.

Сутегі газын кең көлемді қолданысқа келтіру үшін көптеген дәстүрлі тәсілдермен (соның ішінде фотоэлектрхимиялық немесе термохимиялық процестерде) өңдеуге болады. Бұл жұмысымда цианобактериялар арқылы сутегінің фотобиологиялық өндірісі мен өндірілген сутекті ауқымды қолдану үшін кең көлемде пайдаланудың ғылыми-техникалық аспектілері туралы талқылап, қарастыратын боламын. Сондай-ақ, цианобактериялық ферменттік жүйенің маңызды ерекшеліктерін, сутегін өндіретін әртүрлі түрлер мен штамдарды, сутегі өндірісін басқаратын параметрлерді және фотобиореакторларды пайдаланатын ауқымды өндірісті қарастырамын. Белгілі бір жағдайларда цианобактериялар CO_2 -ны азайтып қана қоймай, молекулалық сутегін өндіру үшін биохимиялық энергияны жұмсауға да бейімделеді. Сутегін алудың дәстүрлі әдістерімен салыстырғанда цианобактериялық сутегі өндірісі коммерциялық тұрғыдан тиімді. Зертханалық жағдайда қарастырылып отырған цианобактериялар арқылы сутегінің фотобиологиялық өндірісін және өндірілген сутегін жүйелі қолдану үшін кең көлемде өндірудің, өндірілген өнімді пайдаланудың ғылыми-техникалық жүйелерін қарастырдық және де қарастыру барысындамыз. Сонымен қатар, цианобактериялық ферменттердің жүйелі маңызды ерекшеліктерін, сутегін өндіруге қабілетті түрлері мен штамдарын, сутегі өндірісін басқаратын параметрлерді және фотобиореакторларды пайдаланатын ауқымды өндірісті сипаттап қарастыру үстіндеміз. Цианобактериялар жақын арада экономикалық тиімді болатын сутегі энергиясының көзі, біздерге шығынсыз арзан, әрі тиімді, сапалы энергия қажет. Бірақ, цианобактериялардан сутегін алу әлі де көптеген жұмысты қажет етеді, ал негізгі мәселе – алынатын сутегі энергиясының аз мөлшері. Цианобактериялық сутегінің көп жұмысын алу үшін ең белсенді жабайы типті штамдарды тандап, технологиялық, модульдік және генетикалық зерттеулерді бір уақытта жүргізу керек. Цианобактериялардан алынатын сутегінің энергия

тиімділігінің төмендігі де зерттеулердің кешенді жүргізу қажеттігін көрсетеді. Баламалы энергия көздерін пайдалануды арттырмаған жағдайда, болашақта мұнай мен газ қорларының таусылуына әкеп соғуы әбден мүмкін, ал бұл мәселелер мемлекеттер арасында энергия үшін бәсекелестіктің туындауына әкелуі ықтимал.

Энергия көздерінің бірі ретінде биосутекті өндіруді оңтайландыру мақсатында зертханалық жағдайда көптеген белсенді цианобактериялық штамдармен зерттеулер жүргізілді. Мысалы, олардың өсу қарқынын жақсарту әдістері, сондай-ақ тікелей және жанама биофотоллиз кезінде физикалық-химиялық өсу параметрлерін өңдеу бойынша жұмыстар. Цианобактериялар қоршаған және қоректік ортаға тез бейімделгіш және жоғары өсу қарқынына ие. Ерекшелігі қолайлы өсу жағдайында жабық фотобиореакторларда бірнеше сағат ішінде тығыздығын екі есеге дейін арттыра алады. Бұл талқыланып жатқан энергия көздері мен табиғи ресурстар сутегі үшін және болашақта қоғам үшін сәтті жаңартылатын энергия көзі ретінде қолдану және өндіру әдістерін, ең соңғы сақтау технологияларын және сутегі энергисы халық экономикасына әлеуетті серпіліс беретін тасымалдау стратегияларын ұсынады.

Баламалы энергия көзі ретінде қарастырылып отырған сутегі энергисын пайдалану артпаса, болашақта мұнай мен газ қоры таусылады, атмосфералық қысым деңгейі көтеріледі және мемлекеттер арасында энергия үшін бәсекелестік арта түседі. Бұл болжанып отырған жағдайлар баламалы энергия көздеріне сұраныстың артуына әкелді. Яғни, баламалы энергия көздер ретінде саналып отырған сутегі энергиясын пайдалануға кезең-кезеңімен көшу бүгінгі таңда әлемдік энергетикалық сектордың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Елімізде цианобактериялардан көп мөлшерде сутегі энергиясын алу әлі де ауқымды жұмыс пен жабдықтық толықтыруларды қажет етеді. Ал, бұл аталған әдіс-тәсілдер мен өзгерістердің нәтижесі болашақ қоғамның дамуы мен өнеркәсіптік революцияның қарқынды өзгерістеріне әкелетіндігі сөзсіз.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Әр түрлі экологиялық жүйелерден бөлініп алынған түр аралық белсенді цианобактериялардың штамдарының сутегін бөлуге деген потенциалдарын зерттеу. Цианобактериялардың алуан түрлігі мен физиологиялық ерекшеліктерін қарастыра отырып олардың биотехнология саласында маңызды нысана екендігін дәлелдеу.

Зерттеу объектісі: Зерттеу жұмысының объектісі ретінде әр түрлі экологиялық жүйелерден алынған цианобактериялардың штамдарын қолдандық. Зерттеу жұмысында пайдаланылған цианобактериялардың штамдар – *Synechocystis sp.*, *Synechococcus sp.* және *Anabaena sp.*, *Anabaena variabilis*, *Nostoc caldicola*, *Nostoc sp.*, *Synechocystis sp.* PCC 6803. Жоғары мөлшерде сутегін бөлушілері ретінде – *Anabaena sp.*, *Nostoc sp.*, *Cylindrospermum sp.* дақылдары көптеп қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Алғаш рет цианобактериялардың *Anabaena sp.* B1-4, *Nostoc sp.* J-14 және *Tolypothrix tenuis* J-1 штамдары

тереңдетіле зерттеліп, филогенетикалық талдауы жасалынды. Алғаш болып цианобактериялардың нитрогеназа және гидрогеназалары бойынша белсенділігі зерттелініп, *Desertifilum sp.* IPPAS B-1220 штамының жарықта биосутек бөлу қабілетінің жоғарылығы анықталды. Сутек өнімділігіне азотфиксациялаушы цианобактерия *Anabaena sp.* B1-4 штам түрінің оң әсері анықталып, оны топырақ құрамын құнарландыруға пайдалануға ұсынылады.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы: Фототрофты микроорганизмдерді өсіруге арналған «Фототрофты микроорганизмдерді дақылдауға және сұрыптауға арналған фотобиореактор моделіне арналған патент» атты фотобиореактордың технологиялық сызбасы жасалынды. Сондай-ақ, зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша *Anabaena variabilis* R-I-5 және *Anabaena sp.* B1-4 штамдарының биомассасы негізінде алынған суспензияның жасыл энергетика және ауылшаруашылық өсімдіктерінің өнімділігіне оң әсері анықталынып, Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде Геология және мұнай-газ ісі институтінің, химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасындағы «Микробиология» зертханасына әрі қарай өсіруге қойылды.


Түйін сөздер: Цианобактериялар, микроорганизімдер, сутек өндірісі, биомасса, оңтайландыру, температура, жарық, рН.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

1.1 Цианобактериялар, олардың маңыздылығы

Цианобактериялар – ең көне организмдердің қатарына жатады және жердегі тіршілік эволюциясында маңызды рөл атқарды, яғни олар жоғары сатыдағы өсімдік хлоропластының тегі болып табылатын ежелгі фотосинтетикалық прокариоттар (1 – сурет).



Сурет 1 – Цианобактериялардың құрылымы.

Ежелгі грек жазбаларында цианобактериялар “көк” деген ұғыммен біздерге таныс [1]. Яғни, көк балдырлар деп те аталатын цианобактериялар фотосинтезге қабілетті бактериялар тобы болып табылады [2,3]. Олар хлорофилге ие және энергия көзі ретінде жарықты пайдалана отырып, атмосферадан көмірқышқыл газын бекітеді. Цианобактериялар жер бетіндегі ең көне организмдердің бірі болып табылады және биогеохимиялық процестерде, соның ішінде азот пен оттегі айналымында маңызды рөл атқаратын бастапқы продуценттер [4]. Микроорганизімдердің үлкен тобы цианобактериялар әр түрлі ортада мұхиттар мен топырақ, тұщы суларда, соның ішінде су экожүйесінде, тау жыныстарында өмір сүруге бейім, қоршаған ортаға және тірі организмдерге оң және теріс әсер етуі мүмкін [5]. Биотехнологиялық өнімдерді алуда маңызды рөл атқарады. Цианобактериялар қоршаған ортаға және адам денсаулығына оң және теріс әсер ететін токсиндерді шығаруға қабілетті бірегей метаболикалық қасиеттерге ие [6]. Сондай-ақ олардың тарихи маңызын, соның

ішінде жер бетіндегі тіршілік эволюциясындағы ролін атап өткен жөн [7,8]. Цианобактериялар экожүйелер мен жердегі тіршілік үшін үлкен маңызға ие, яғни цианобактериялар атмосферадағы азотты бекітіп, оны органикалық қосылыстарға айналдырып, басқа организмдерге қолжетімді етеді. Су жүйелерінің экологиялық жағдайының көрсеткіштері ретінде, цианобактериялардың болуы мен таралуы су сапасы мен экожүйедегі өзгерістерді көрсете алады [7]. Сондай-ақ, мұхиттар мен теңіздердегі тіршілік иелері үшін қоректік көзі ретінде қарастырыла отырып цианобактерияларды зерттеу биоотын, тағамдық қоспалар және фармацевтика салаларында жаңа технологиялардың дамуына әкелуі мүмкін [8,9].

Цианобактериялар суы бар кез келген ортаны мекендейді және әртүрлі жағдайларда өсе алады [10]. Бұл организмдер фотосинтездің бастамашылары болып табылады және планетаның бастапқы оттегімен қамтамасыз етілуіне жауапты [11]. Қазіргі уақытта цианобактериялар планетаның бастапқы өнімділігінің 25% және ашық мұхиттағы бастапқы өнімділіктің шамамен 2/3 бөлігін құрайды [12]. Цианобактериялар фотосинтезді және СВС циклі арқылы биомассаны тек CO_2 және көміртек және энергия көздері ретінде күн сәулесін пайдаланады [13].

Цианобактериялар көптеген тірі ағзалардың тыныс алуына қажетті фотосинтез арқылы оттегінің айтарлықтай мөлшерін шығарады [9]. Цианобактериялар құрылымы жағынан өте қарапайым, олар зат алмасу процестері жүретін цитоплазмадан, қорғаныс пен анықталған пішінді біркелкі ететін қалың жасуша қабатынан, фотосинтез процесі жүретін тилакоидтық мембраналы құрылымдардан, генетикалық материалын эукариотты организмдерден ерекшелейтін қабықшасы жоқ ядрода (ДНК), кейбір таралған түрлерінде атмосферадан азотты бекітуге бейімделген гетероцисталардан тұрады. Гетероцисталар дегеніміз фотосинтез процесін жүргізбейтін, бірақ азотты бекіте алатын жүйе болып табылады, бұл цианобактериялардың өсу мен даму үшін пайдалы [14].

Цианобактериялар – бір жасушалы организмдер және әртүрлі тұқымдар мен түрлерді қамтиды. Кейбір танымал цианобактериялар: анабаена, носток, спирулина, микроцистис, синеккокк, синехоцистис, прохлорококкалар. Бұл аталған тектердің бір бөлігі ғана, су экожүйелерінен бастап топырақ пен тау жыныстарына дейін әртүрлі орталарда өмір сүретін цианобактериялардың басқа да көптеген түрлері бар [2].

Сонымен қатар, цианобактериялар бірқатар маңызды функцияларды орындайды және экожүйелер мен жердегі тіршілік үшін маңызы зор. Олар тірі ағзалардың көпшілігінің тыныс алуына қажетті фотосинтез арқылы оттегі мен органикалық қосылыстарды түзетін маңызды бастапқы продуценттер [14]. Атмосферадан азотты бекітіп, өсімдіктер мен микроорганизмдер үшін маңызды қоректену көзі болып табылатын басқа организмдер үшін қолжетімді формаларға айналдыруға қабілетті. Цианобактериялардың болуы мен таралуы қоршаған ортаның ластануы мен өзгерістерін бағалауға көмектесетін су

экожүйелерінің сапасы мен қоршаған орта денсаулығының көрсеткіштері бола алады.


Цианобактериялардың көпшілік түрлері метаболизм кезінде сутегін сіңіруге және бөлуге қабілетті, бұл процестің сутегі алмасуы деп атап өтсекте болады. Кейбір цианобактериялар оттегі аз жағдайларда сутекті баламалы қуат көзі ретінде пайдалана алады [15]. Яғни, сутегі цианобактериялардағы бірқатар метаболикалық жолдар үшін, соның ішінде азотты бекіту және органикалық қосылыстарды өндіру үшін субстрат ретінде қызмет ете алады [9,16]. Олардың сутегі алмасуын зерттеу биоотын және ағынды суларды тазарту саласында болашақта жаңа технологиялардың дамуына әкелуі мүмкін. Цианобактериялардың әртүрлі түрлерінің сутегін бөлудегі ерекше механизмдері мен қабілеттері әртүрлі болуы мүмкін және қосымша зерттеуді қажет етеді [15]. Бірақ, бұл процесті оттегінің немесе басқа тотықтырғыштардың жетіспеушілігі туындаған жағдайларда энергия алу және коферменттерді қалпына келтіру үшін пайдалануға болады. Кейбір цианобактериялар биотехнологияда жаңартылатын энергия көзі ретінде сутегін алу үшін қолданылуы мүмкін [16].

Биотехнологияда цианобактериялардың маңызды болып табылатын негізгі салалары бар. Цианобактериялардың кейбір түрлерін органикалық материалдарды ашыту немесе фотосинтез арқылы биоэтанол, биодизель және басқа да биоотын алу үшін пайдалануға болады [14]. Ауыр металдар мен токсиндер сияқты әртүрлі ластаушы заттарды сіңіруге, метаболизмге қабілетті, ластанған су мен топырақ ортасын тазалау үшін пайдалы. Спирулина сияқты тағы басқа да цианобактериялардың белгілі бір түрлері ақуыздың, витаминдердің, минералдардың және антиоксиданттардың жоғары деңгейіне байланысты тағамдық қоспаларда қолданылады [17]. Осы мысалдардың барлығы биотехнологиядағы цианобактериялардың әлеуетін және олардың тұрақты және экологиялық таза технологияларды дамытуға ұмтылатын әртүрлі салалардағы маңызды рөлін көрсетеді [2].

Қоректік және өсу ортасына байланысты әртүрлі өсіп келе жатқан орталарда өсе алады, бірақ әдетте минералды элементтер мен көміртегі көздеріне бай ортаны қажет етеді. Олар үшін қоректік ортаның негізгі компоненттері: су, жарық, минералды тұздар, көміртек көздері. Су таза және ластаушы заттардан тазартылған болуы керек [14]. Цианобактериялар фотосинтездеуші организмдер, сондықтан олардың өсіп-өнуі және көбеюі үшін жарық қажет. Олар күн сәулесімен немесе жасанды жарықпен қамтамасыз етілген жарқын жарықты жақсы көреді. Ақуыздар мен басқа да маңызды молекулаларды синтездеу үшін азот, фосфор, калий және темір сияқты минералды элементтерді қажет етеді [7]. Олар өсу мен көбею үшін көміртегі көздері ретінде әртүрлі органикалық және бейорганикалық қосылыстарды пайдаланады.

Цианобактериялардан сутегін алудың маңыздылығын қортындылай айтатын болсақ, қазба отындарын өте көп мөлшерде пайдалану салдарынан

туындап, ұлғайып келе жатқан экологиялық проблемаларды шешу және алдын алу мақсатында, әсіресе атмосферадағы орташа температураның күрт көтеріліп кетуі тұрақты энергетикалық шешімдердің шұғыл қажеттілігін көрсетеді. Бұл аталған проблемалар жаңартылатын энергия көздерін, әсіресе сарқылмайтын табиғи энергия көздерін тереңдете зерттеп, ашуға бағытталған биологиялық зерттеулер объектілерінің маңыздылығын арттырды. Туындаған мәселелер мен қажеттіліктерді қарастыра отырып біз зертханамызда *Synechocystis sp* цианобактериясын толықтай зерттеуге кірістік. *Synechocystis sp* бойынша сутегі өндірісі бұрын жинақталған көмірсулар есебінен қараңғы анаэробты ашыту процессінде пайда болады (2 – сурет). Бұл штамның өсуі көмірсулардың жинақталу барысы мен қоректік орта құрамының өзгеруіне байланысты болады, біз зерттеу барысында қоректік орта ретінде BG 11-дің азотсыз және азотты түрлерін пайдаландық. Сондай-ақ, NiFe гидрогеназасының O₂-ге сезімталдығына байланысты, анаэробты сутек өндіру процесі аэробты көмірсулардың жинақталуынан бөлек жүреді [18]. Түркістан облысы, Бадам өзенінен алынған PSU 1262 штамын да зерттедік. PSU 1262 штамның ерекшелігі әртүрлі қоршаған орта жағдайларында да, белгілі бір температура диапазоны (27 - 30°C) мен белгілі бір жарық қарқындылығы жағдайында да сутегін оңтайлы түрде бөле алуында болды. Сондай-ақ, бұл штамм сілтілік жағдайларда сутегінің ең жоғары өндірісіне қол жеткізетінін және натрий нитратының жоғары деңгейіне ұшырағанында бөлінетін өнімнің мөлшері айтарлықтай төмендейтінін көрсетті [19]. Бұл мәліметтердің барлығы сутегі өндірісінің болашағы үшін өте маңызды болып табылады.



Сурет 2 – *Synechocystis sp.* штаммы арқылы сутегін өндіру.

Моншақтардың орташа диаметрі $5,06 \pm 0,18$ мм, көлемі $67,8 \pm 2,4$ мкл және жасушаның орташа құрғақ салмағы $46,3 \pm 0,8$ мкг болды. Сутегін өндірудегі максималды жылдамдығы $5,73 \pm 0,69$ мл H₂ мг (мысалы, $40,6 \pm 4,9$ мкмоль H₂ мг chl⁻¹ сағ⁻¹).

1.2. Цианобактериялардың биоэнергетикадағы маңызы

Қазіргі дамыған қоғамда энергия көзі ретінде табиғи шикізаттарды ауқымды пайдалану арқылы адамзат табиғатқа түсетін экологиялық

ауыртпашылықтарды азайтады және экологиялық аумақтар мен су объектілерінің ластануын төмендетеді, сонымен қатар, улы газдар, ауыр металдар мен метанның атмосфераға шығарылуын шектейді [20]. Сутегін табиғи биологиялық жолмен алу әдіс-тәсілдерінің ішінде фототрофты микроорганизмдерді – цианобактериялар мен бактерияларды қолдану жолдары маңызды. Цианобактериялардан сутегін өндіру өте тиімді, себебі олар күн энергиясын (жарықты) бойына сіңіру арқылы, сутегін түзеді және қымбат макро-микроэлементтерді қажет етпейді. Соңғы таңдағы зерттеулер көрсеткендей, цианобактериялардың барлық түрлері сутек бөлуге қабілеттілік танытады, бірақ олардың тіршілік ету ерекшеліктері мен көбеюіне қарай қалыптасқан морфологиялық және генетикалық айырмашылықтарына сай сутек бөліну мөлшері мен бөліну уақытының ұзақтығында айырмашылықтары байқалады [20]. Олардың морфологиялық биоалуантүрлілігі және метаболиттік сипаттамалары сутегін өндіруде ең қолайлы екендіктерін дәлелдейді. Бұл көбінесе цианобактериялардың гетероцисталық формаларына қатысты, яғни, клетка ішінде оттегі бөлінуі жүзеге аспағандықтан сутегі бөлінуіне қатты кедергі туындамайды. Осындай ерекшеліктері негізінде ауада молекулалық оттегі болған кезде гетероцистикалық цианобактериялар H_2 бөлінісін жүзеге асыра алады [21]. Цианобактериялардың сутегін бөлу жылдамдығын қажетті ферменттерді синтездейтін генетикалық қабілетімен және қажетті энергияны қамтамасыз ететін, ішкі және сыртқы ортаға бөлетін метаболиттік ерекшеліктерімен және қоршаған орта жағдайымен анықтауға болады [20].

Осындай әдістер арқылы цианобактериялардың – күн энергиясын бойына сіңіре отырып сутегі бөлуге қабілеттілік танытатын келешектегі биологиялық нысан екенін айта кетсек. Генетикалық және метаболиттік инженерияның көптеген әдістерін пайдалана отырып, продуценттерді өсіруде пайдаланылатын фотобиореакторлардың технологиялық сипаттамаларын жақсарту арқылы цианобактериялық сутектің биологиялық өндірісін өркендетіп, дамытуға болады [22].

Сондай-ақ, цианобактериялар, негізгі фотосинтетикалық организм ретінде, CO_2 биомассаға айналдыру және көмірсулар, май қышқылдары және биоотынның жаңартылатын көздері ретінде спирттер өндіру арқылы көміртекті бекітуге және органикалық химиялық өндіріске қатыса алады [23,24].

Жалпы алғанда, цианобактериялар фотосинтездеу және энергиясы жоғары биомасса өндіру ерекшеліктеріне байланысты биоэнергияда маңызды рөлге ие. Цианобактериялардың биоэнергия үшін маңызды болуының жолдарын жинақтап қарастырсақ: 1) биомасса өндірісі – цианобактериялар биомассаны басқа өсімдік түрлеріне қарағанда тезірек өндіре де жинақтай да алады және олар әртүрлі жағдайларда өсе алады. Бұл биомасса биодизель, биогаз немесе басқа биоэнергия өнімдерін өндіру үшін пайдаланылады; 2) сутегі өндірісі – кейбір түрлері фотосинтез процесі арқылы сутегін өндіруге қабілетті. Бұл сутегі отын элементтері немесе сутегі қозғалтқыштары сияқты әртүрлі қолданбалар үшін таза энергия көзі ретінде қазіргі таңда зерттеліп,

болашақта пайдаланылуы мүмкін; 3) көміртекті фиксациялау – атмосферадан көмірқышқыл газын сіңіріп, фотосинтез процесі арқылы органикалық қосылыстарға айналдыру арқылы көміртегі айналымында маңызды рөл атқарады. Бұл қоршаған ортадағы көмірқышқыл газының деңгейін төмендетуге және климаттың өзгеруінің әсерін азайтуға көмектеседі; 4) суды тазарту – цианобактериялардың кейбір түрлері ластанған су объектілерін улы заттар мен нитраттардан тазартуға қабілетті, олар биомасса өндіру немесе басқа биоэнергетикалық мақсаттар үшін пайдалы болуы мүмкін; 5) азық-түлік өнеркәсібінде қолдану – кейбір түрлерінде ақуыздың және басқа да пайдалы қоректік заттардың жоғары деңгейі бар, бұл оларды тағамдық қоспалар мен функционалды тағамдардың құнды көзі етеді; 6) жоғары тиімді тыңайтқыштарды өндіру – цианобактериялардың белгілі бір түрлерін өсімдіктердің өсуіне қажетті азот пен басқа қоректік заттардан тұратын биотыңайтқыштарды өндіру үшін пайдалануға болады. Бұл биоэнергия үшін маңызды аспект бола алатын ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігі мен тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады [22]. Цианобактерияларды қарқынды түрде өсіру және зерттеу қазіргі таңда ғалымдар үшін өте маңызды ғылым түріне айналып отыр, себебі, цианобактериялар биоэнергияның маңызды көзі болып табылады және неғұрлым тұрақты және таза энергия жүйелеріне көшуде маңызды рөл атқаруы мүмкін деп күтілуде [25].

1.3. Сутек энергиясының маңызды өкілі цианобактерия


Цианобактерия клеткаларының сутек энергетикасындағы маңызы күн өткен сайын артууда. Себебі, микроорганизмдердің метаболизмінің жанама өнімі негізіндегі сутегінің биохимиялық өндірісі – қалпына келетін ресурстардан сутегі алудың жаңа технологиялық саласы, сондықтан да цианобактериялар фотобиологиялық сутегі өндіре алатын фототрофты микроорганизмдер ретінде тереңдете зерттелуде [26]. Тірі ағзалардан H_2 бөліп алу технологиясы жарты ғасырдан астам уақыт бойы зерттелгендігіне қарамастан, осы уақытқа дейін толыққанды және молдік өнім беретін технологиялар қалыптаспады. Ал, цианобактериялар жүргізетін биофотоллизге негізделген сутегін алу процесі соңғы 35 жыл ішінде белсенді зерттелді [27,28]. Аз уақыт ішінде көптеген ғалымдардың ғылыми жобалары мен зерттеулерінде микробалдырлар мен бактерияларда H_2 түзілудің негізгі молекулалық механизмдері аса маңызды қызығушылықпен зерттеле бастады. Ол жұмыстардың ішінде жетекшім, әрі ұстазымыз Қосалбаев Бекжан Дүйсенбиұлы бастаған бір қатар ғылым иелерінің “Цианобактериялар жасушаларының сутегі өндірісінің биопроцестері және олардың өнімділігін арттырудың мүмкін жолдары” және тағы басқа да жұмыстары көңіл аудартарлықтай. Фототрофты микрорганзмдердегі тікелей биофотоллиз үдерісі күн сәулесін немесе белгілі мөлшердегі жарықты энергия көзі ретінде қолданып, судың ыдырауын тудырады, соның негізінде бөлініп шыққан электрондар және протондар арқылы сутегі молекулаларын катализдеу процесі артады [28].

Фотосинтездің электрондық транспорттық тізбегі, яғни, судың ыдырау механизмі мен сутегі түзілуінің катализаторлары сияқты екі элементтен тұратын су биофотоллиз жүйелері концептуалды түрде биофотоллиз және жанама биофотоллиз ретінде қарастырылады [29]. Тікелей биофотоллиз үдерісі фотосинтетикалық пигменттер сіңірген жарық энергиясын пайдаланып, клетка құрамындағы судың оттегі (O_2) мен протондарға (H^+) ыдырауына қолданылады. Ал, тікелей биофотоллизге негізделген фотосинтез үдерісімен жүзеге асатын ферредоксин мен гидрогеназаны активтендіреді. Клетка жанама биофотоллизде көмірқышқыл газын түзу үшін судың бөлінуі және ферредоксиннің төмендеуі үдерістерін пайдаланады, процесс нәтижесінде алынған көміртегі қосындысын бөлек реакция кезінде сутектің бөлінуін активтендіру үшін қолданады [28].

Цианобактериялардың ішінде сутегін көп мөлшерде бөлуге бейімдері және аса зерттелген түрлері *Nostoc*, *Anabaena*, *Synechocystis*, *Oscillatoria*, *Synechococcus*, *Phormidium* және т.б, бұл аталған түрлер гидрогеназа және нитрогеназа қызметінің нәтижесінде сутекті бөліп шығарады [27,28]. Сондай-ақ, бұл аталған цианобактериялар тыныс алу барысында атмосферадағы CO_2 пайдаланады, қарапайым қоректік ортада өсуге де бейім және көптеген штамдар атмосфералық азотты бойына сіңіріп, сіңірілген өнімді аммиакқа айналдыруға бейім [30].

Сутегін өндіру процесінде ферменттік жүйелер мен оның цианобактериялардағы реттелуіне жауап беретін бірнеше негізгі гендер бар, олар – *NiFe*, *HuP*, *HuP*, *HoX*. Гендер гидрогеназалар және никель тетрагидрофолатдегидрогеназалары сияқты бірнеше суббірліктерден тұрады. Бұл ферменттерге жауапты гендер әдетте цианобактериялардың геномында кездеседі және белгілі бір жағдайларда, мысалы, жарықтың жоғары әсерінен және азот тапшылығында көрінуі мүмкін. *HuP*, *HuP*, *HoX* атты гендік жүйелерге сипаттама бере кететін болсақ, *HuP* – бұл азотты бекіту және сутегі өндіру процесіне қатысатын сутегі күшейткіш гидрогеназа ферменттік жүйесімен байланысты белоктарды кодтайтын гендер. Ал, *HuP* – сутегі өндірісімен байланысты гипотетикалық фермент кешенінің ақуыздарын кодтайтын гендер. Бұл гендердің әсер ету механизмі әлі толық зерттелмегенімен, олар сутегінің түзілу процесіне де қатысуы мүмкін және *HoX* – бұл *NiFe* гидрогеназаларына ұқсас, бірақ ол анаэробты жағдайда жұмыс істейді және оттегі болмаған кезде белсендіріледі [31]. Нитрогеназа азоттың аммиакқа айналуымен қоса сутегі өндірісін де катализдейді. Ал, гидрогеназалар болса протондар мен электрондардан сутектің қайтымды төмендеуін катализдейді. Бірақ, бұл екі ферментте цианобактерияларда сутектің биологиялық өндірілуіне жауап беретін негізгі клеткалық белоктық құрылымдар болады [32]. Гидрогеназадан нитрогеназаның айырмашылығы, нитрогеназа қайтымсыз үдерісті катализдейді және ол қарқынды түрдегі сутек ферменті ретінде саналады. Барлық цианобактериялардың белсенділігі, ферменттердің жетілуі мен құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты түрлер арасында әртүрлі болады. Ал, вегетативті клеткалардан құралған түрлер


болатын болса, олар тек гетероцисталардың гендерінен тұрады. Кейбір жасушаларда гидрогеназалардың әр түрлі функциялары бар гендер тобы болуы мүмкін, олардың ерекшелігі ақуыз биосинтезін белсенді ете түседі [33,34]. Цианобактериялар арқылы H_2 өндірісін әлі де дамыту үшін түрлі әдіс-тәсілдер зерттеліп қолданылу үстінде. Осы уақытқа дейін зерттелген әдістер үш принципке бөлініп қарастырылады (3 – сурет), олар метаболиттік, генетикалық және сутегі өндірісін арттырудың технологиялық тәсілдері [32,35,36].



Сурет 3 – Цианобактерия клеткалары арқылы өндірілетін H_2 өнімділігін арттырудың әдіс-тәсілдері.

Цианобактериялардан сутегін алудың технологиялық тізбегін келесі қадамдар арқылы көрсетуге болады: 1) цианобактерияларды таңдау және биореакторда өсіру; 2) цианобактериялардың биомассасын өсіру, яғни, бұл дегеніміз ферменттік сутегі өндірісі: Бұл жарық, температура, рН және қоректік заттардың қолжетімділігін бақылауды қамтуы да мүмкін; 3) цианобактерияларды H_2 фотобиореакторында анаэробты өсіру (қараңғыда немесе жарықта); 4) сутегі өндірісі және оны басқа газдардың қоспаларынан тазарту, содан кейін оны пайдаланғанға дейін қауіпсіз ортада сақтау; 5) сутегі газын электр энергиясына айналдыру. Яғни, өндірілген сутегін отын элементтерінде электр энергиясын өндіру немесе сутегінің жануы сияқты әртүрлі өнеркәсіптік немесе энергетикалық процестерде пайдалану (3 – сурет) [37]. Осы аталған қадамдардың әрқайсысы цианобактериялардан тиімді және тұрақты сутегі өндіру үшін өте мұқиятты түрде оңтайландыруды және бақылауды талап етеді.

Өңделген газ түріндегі сутектің электр энергиясына айналдыру механизмін кері электролиздік жүйе арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл жағдайда оттегі мен сутегі бірігуі нәтижесінде су түзіліп, электр тогы пайда болады. Құрылымдық жағынан сутегіден энергия алу ПАМ арқылы бөлінген екі электрод анод пен катод беттерінен тұрады. Сутегі құрылғының бір бөлігінен анод түрінде еніп, каталитикалық бетімен соқтығысу арқылы электрондар мен протондарға ыдырайды (4 – сурет). Мембрана протондарға өтеді, ал электрондар болса катодқа сыртқы тізбек арқылы өтіп, электр тогын түзеді [37].



Сурет 4 – Биосутек алу және оны қолданылу процесінің схемалық көрінісі: 1) цианобактериялардың таңдап алынуы және өндірістік фотобиореакторда алынған клеткалардың өсуі; 2) фотосинтез процесі жүру үшін күн энергиясын пайдалану; 3) дайын болған клетка биомассасын центрифугаға 8000-15000 rpm жылдамдықпен қою; 4) өнеркәсіптік фотобиореакторда көп мөлшердегі сутегі өндірісі үшін биомассаны жинақтау; 5) сутегі газын мембраналар көмегімен газ қоспасынан тазарту және концентрациялау; 6) пайдаланғанға дейін қауіпсіз ортада сақтау; 7) электр энергиясын PEM (ПЭМ) арқылы алу; 8) батареяға керекті мөлшерде энергия жинақтау; 9) сутегі энергиясын қуат көзі ретінде энергетикалық процестерде пайдалану.


1.3. Сутек өнімділігін арттыру жолдарын оңтайландыру (температура, рН, тұздар, жарық және т.б)

Цианобактериялардың көптеген түрлері сутекті жарық және қараңғы орталарда бөлуге қабілетті, сондай-ақ, сутектің бөлінуі өз кезегінде түрлерінде шоғырланған гендердің белсенділігімен тікелей байланысты [38,39,40,41,42]. Мысалы, цианобактерияның *Spirulina platensis* түрі жарықтың болмауы және анаэробизм жағдайында 32°C температурада белсенді түрде сутек бөледі [39]. Ал, *Synechococcus* Nag. PCC 7942 24 түрі де қараңғы ортадағы анаэробты жағдайда сутегін бөлуге бейім болды. рН пен температура көрсеткіштерін белсенді қадағалау мен метаболизмді бақылай отырып ферментативті реакцияларды реттеу тәсілдері де цианобактериялардың сутегін катализдеу қабілетін арттыруда көмектеседі. Зертханалық жүйелерде байқағанымыздай цианобактериялық клеткалар арқылы биосутекті жинақтауда және өндіруде қолайлы температуралық ауқымдылығы 25-40°C аралығында болады [38]. Сутегінің катализденуіне әсер ететін көптеген цианобактериялық жасушаларды қамтитын факторлар бар, оларды тұрақты қадағалау, өзгерту мен реттеу арқылы көп мөлшердегі оң нәтижелер алуға болады. Көп мөлшерде сутек алуда цианобактерия штамдарының биомассасы мен биомассаның мөлшері өте маңызды [42].

Соңғы уақыттарда сутектің цианобактериялар арқылы бөлініп шығарылатын түрлерінің қасиеттері аса қызығушылықпен зерттелуде, олардың бір түрі *Aphanothese halophytica* салыстырмалы түрде активті [43]. Бұл түр анаэробты жағдайда қараңғыда сутегін белсенді түрде (1 мкмоль/мг ҚБ/сағ) өндіре алатындығы анықталған [43]. Сондай-ақ, нитрогеназа ферменттеріне негізделген гетероцисталы штамдарды қарастыратын болсақ бастапқы 2-3 тәулікте белсенді түрде молекулалық Н₂-ні бөліп, қысқа уақыт арасында клеткадағы қорға жинаған энергияны пайдаланады. Ал гетероцистасыз цианобактериялардың түрлері (*Synechococcus*, *Synechocystis* және т.б.) гидрогеназа ферментінің белсенділігін бір тәулік мөлшерінде тұрақты сақтай алады. Бұл екі сутектік ферменттің энергияны тұтыну ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Ғалымдар көп мөлшерде сутек өндіру үшін көптеген штамдардың генетикалық және метаболиттік қасиеттері зерттеді. Олардың ішіндегі белсенділіктері бойынша айтсақ, күкіртпен ашыту жағдайында азот түзбейтін бір клеткалы цианобактерия *Gloeocapsa alpicola* сутегін жоғары дәрежеде өндірді [44]. Цианобактериялардың азоттық фиксациясы бойынша *Anabaena* тұқымдас түрлері сутегі белсенділігіне қатысты жағы салыстырмалы тұрғыда жақсы зерттелген. *Anabaena cylindrica* – 30 тәуліктік шектеулі жарық жағдайында аргон атмосферасында сутегі мен оттегі қатар шығара алатындығы да байқалады [45]. *Anabaena* sp. болса көп мөлшерде сутек шығаруға қабілетті, ал *Anabaena cylindrica* азот жетіспеушілігі жағдайында сутектің өте көп мөлшерін өндіруге қабілетті (30 мл/л дақыл/сағ). Сонымен қатар, цианобактериялардың ішінде ауадағы азотты фиксациялайтын түрлерінің

бірі – *Cyanothece* 51142 штамы [46]. Бұл штамның сутек өндіру процесіне қатысты толық метаболиттік теориялық моделін де қалыптастырған. Осы штам сутегіні көміртек көзі түріндегі глицерин қатысуымен 465 мкмоль/мг а/сағ мөлшерінде бөле алады [47].

ГХ флокондарының ішінде цианобактерия клеткаларындағы сутек ферменттерінің белсенділігін арттыру үшін инертті газдарды еңгізгеннен кейін [43] *Anabaena variabilis* цианобактерия штамы сутектің жоғары мөлшерін өндірді [48,49,50,51]. Яғни, бұл нәтиже арқылы аргонды қолдану нитрогеназа белсенділігінің жоғарылауына және цианобактериялардағы гетероцисталардың санының артуына алып келетіндігін байқаймыз. Себебі, қоректік ортадағы және ауадағы азоттың жетіспеушілігі клеткалардың стресстік жағдайын туғызуымен қатар, гетероцисталардың санының артуына әкеледі. Гетероцисталар ауадағы азотты сіңіру нәтижесінде нитрогеназа ферментін активтендіреді, ал нитрогеназа ферменті азотты сіңіру процессімен қатар, сутегін бөлу қызметін де атқарады [52]. Мысалы, *A. variabilis* PK 84 дақылдары биомассаны жинау үшін өсіргенде 73% аргон, 25% N және 2% CO₂, ал сутек алу процессінде 93% аргон, 5% N және 2% CO₂ мөлшеріндегі газдардың қоспасымен аэрацияланғанда 167,6 мкмоль/мг хл а/сағ мөлшерінде жоғары сутегі бөліндісін көрсетті [53,54].



Сурет 5 – сутегі экономикасын құру және арттыру мақсатында цианобактерияларға негізделген сутегі энергиясын дамытуға гендік инженерияның үлесі

1.4. Биосутек өндірісіне әсер етуші факторлар

Цианобактериялардың биосутегі өндірісіне әртүрлі факторлар айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Атап айтқанда жарықтандыру, температура,

қоректік заттардың қолжетімділігі, CO₂ концентрациясы, стресстік жағдайлар, генетикалық факторлар және т.б. [42]. 1 – кесте арқылы биосутек өндірісіне аталған факторлардың әсер етудегі қызметтерін түсіндіре өтсек.


Кесте 1 – Биосутек өндірісіне кейбір факторлардың тигізер әсері:

Жарықтандыру	Жарықтың қарқындылығы мен ұзақтығы фотосинтез процессінің жүру жылдамдығына, яғни, биосутегінің өндірілуіне айтарлықтай әсер етеді.
Температура	Цианобактериялардың өсуі мен белсенділігінің артуы немесе кемуі үшін оңтайлы температура қажет. Түрлері мен штаммдарына байланысты температура өзгеруі мүмкін. Температураның өзгеруі фотосинтездің және биосутектің көлеміне әсер етуі мүмкін.
Қоректік заттардың қолжетімділігі	Цианобактериялар өсіп, көбею үшін әртүрлі қоректік заттарды қажет етеді. Азот немесе фосфор сияқты белгілі бір элементтердің жетіспеушілігі олардың биомасса мен биосутек өндіру қабілетін төмендетуі мүмкін.
CO ₂ концентрациясы	Қоршаған ортадағы көмірқышқыл газының концентрациясын арттыру фотосинтезді және цианобактериялар арқылы биосутек өндіруді жетілдіруі мүмкін.
Стресстік жағдайлар, генетикалық факторлар	pH мөлшерінің артуы, токсиндердің болуы немесе судың жетіспеушілігі сияқты белгілі бір стресстік жағдайлар цианобактериялардың өсуі мен белсенділігіне әсер етіп, биосутек өндірісін баяулатуы мүмкін.
Генетикалық факторлар	Цианобактериялардың әртүрлі штаммдарының фотосинтездеу және биосутек өндіру қабілетіне әсер ететін әртүрлі генетикалық сипаттамалары бар.

Цианобактерия клеткаларынан сутегі бөліну процессінің тиімділігі көптеген факторларға байланысты және де бұл аталған факторлар тұрақты, әрі дұрыс қадағалау оның кең көлемді өндірісі үшін өте маңызды болып табылады. Жарықтың қарқындылығы, температура, pH, қоректік орта, оттегі мен азот концентрациясының төмен болуы немесе болмауы, тұздар әсері сынды сыртқы ортадан әсер етуші факторлар сутектің бөлінуіне өз әсерін тигізеді. Айтып өткеніміздегідей, жоғарыдағы әр түрлі факторлар сутек бөлінісіне әрқалай әсер етеді [25]. Температура, анаэробты орта, жарықтандыру – цианобактериялардың сутегі бөлу белсенділігіне әсер ететін негізгі факторлар екендігі түсінікті болды [25]. Сондай-ақ, сутектің бөлінуіне бірнеше сыртқы орта факторлары да әсер етеді және де осы сутегі өндірісіне әсер ететін факторлардың бірі pH көрсеткіші. Зерттеулер бойынша сутегі өндірісіндегі

қолайлы рН көрсеткіші 5-тен 7-ге дейін болады [42]. Осы көрсеткіш арқылы цианобактериялардың ферментативті механизмінің тиімділігін реттеуге немесе арттыруға және клеткалардың тотығу-тотықсыздану реакциясын жүзеге асыруға көмектеседі. Цианобактерия штамдары тікелей жарыққа тәуелді, себебі, энергия көзін жарықтан алады.

Цианобактериялық клеткалар бойынша сутегі өндірісінің өнімділігін арттырудың тиімді тәсілдерінің бірі – ингибиторларды қолдану арқылы электрондарды тасымалдау (6 – сурет). Қазіргі таңда әр түрлі ингибиторлардың 15-тен астам түрі қолданылады, олардың ішінде көп қолданылатын түрлері: диурон (DCMU), карбонил цианид хлорофенил гидразон (СССР), метил виологен (МВ), калий цианиді (KCN), хлорамфеникол, 2,5-дибромо-3-метил-6-изопропил-р-бензокинон (DBMIB), пентахлорфенол (РСР) және малонат ФЖ ингибиторлары болып табылады. Кеңінен қолданылатын электрон тасымалдау жүйесінің ингибиторларының бірі – DCMU (диурон), бұл фотожүйе белсенділігін тежеуге және молекулалық сутек өндіруге қолайлы анаэробты жағдай жасауға бағытталған [55].




Сурет 6 – Цианобактериялар негізінде сутек өндірісін жақсарту мен қолданылу жолдары [25].

2. ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

2.1. Зерттелетін материалдар мен объектілер

